


Бекітемін
«Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ президенті
Сакенова Е.Н.



2025 ж.

Балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын арттыру бойынша
оқушылар жобаларының «Біз біргеміз!» республикалық фестивалі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын арттыру бойынша оқушылар жобаларының «Біз біргеміз!» республикалық фестивалінің (бұдан әрі – Фестиваль) мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды. Фестиваль әлеуметтік маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

1.2. Фестивальдің ұйымдастырушысы – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» КеАҚ.

2. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

2.1. Фестивальдің мақсаты – оқушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін ынталандыру, оқушылардың әл-ауқаты деңгейін арттыруға бағытталған бастамаларын дамыту.

2.2. Фестивальдің міндеттері:

1. қоғамның назарын балалардың әл-ауқаты мәселелеріне аудару;
2. оқушылардың өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге қызығушылығын арттыру;
3. жобалық ойлау мен топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
4. оқушылардың азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ету;
5. оқушылардың ең маңызды әлеуметтік және шығармашылық бастамаларын қолдау.

3. Фестивальдің ұйымдастыру комитеті

3.1. Фестивальдің ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының» (бұдан әрі – Институт) қызметкерлері қатарынан құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті Фестивальді ұйымдастыру, ақпараттық және кеңес беру жұмыстарын қамтамасыз етеді; өтінімдер мен жобалық жұмыстарды қабылдайды; қазылар алқасының құрамын және жұмыс тәртібін анықтайды; қорытынды шығарады және Фестивальдің қорытынды хаттамасын рәсімдейді.

3.3. Ұйымдастыру комитеті осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін немесе белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған жұмыстарды қарастырмау құқығын өзіне қалдырады.

3.4. Фестивальге жіберілген материалдар рецензияланбайды, Фестиваль аяқталғаннан кейін қайтарылмайды және қатысушылардың келісімімен Ұйымдастыру комитеті тарапынан оқушылардың азаматтық қасиеттері мен әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

4. Қатысушылар

4.1. Фестивальге Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының 7-11-сынып оқушылары қатысады. Жеке немесе топтық түрде (6 адамға дейін) қатысуға болады. Әрбір білім беру ұйымынан бірнеше жоба ұсынылуы мүмкін.

4.2. Фестивальге қатысу ерікті түрде жүзеге асырылады.

4.3. Фестивальге қатысушылар Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынуы тиіс.

5. Фестивальдің қазылар алқасы

5.1. Фестивальдің қазылар алқасы (бұдан әрі – Қазылар алқасы) «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының» қызметкерлері қатарынан құрылады.

5.2. Қазылар алқасы мүшелерінің жұмысының нәтижесі – толтырылған және қол қойылған хаттама болып табылады.

6. Фестивальді ұйымдастыру

6.1. Фестиваль **2025 жылғы 25 қыркүйектен 17 қазанға** дейін өткізіледі.

6.2. Фестивальге қатысу үшін **2025 жылғы 13 қазанға** дейін келесі материалдарды ұсыну қажет:

- Фестивальге қатысушының өтінімі (1-қосымшаны қараңыз);
- жоба паспорты;
- жобаны іске асыру нәтижелері бойынша бейнеролик.

6.3. Фестивальге қатысу үшін қажетті материалдар (өтінім, жоба паспорты, бейнеролик) келесі электрондық пошта мекенжайына жіберіледі: NIOOrken@orken-instituty-edu.kz

7. Фестиваль материалдарына қойылатын талаптар

7.1. Жобаның тақырыбы Фестивальдің мақсаттары мен негізгі идеясына сәйкес болуы тиіс (әл-ауқатты арттыру, балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіз және достық орта қалыптастыру және т.б.).

7.2. Жобаның идеясы мектеп жағдайында немесе жақын ортада бар ресурстарды пайдалана отырып іске асырылатындай және қолдануға ыңғайлы болуы тиіс.

7.3. Жоба паспорты келесі ақпаратты қамтуы тиіс: жобаның атауы; авторлардың аты-жөні (жеке немесе топтық жоба); мәселенің сипаттамасы; мақсат пен міндеттер; іс-шаралар жоспары (мерзімдер мен әрекеттер); күтілетін нәтижелер мен әлеуметтік әсер; қорытындыны ұсыну нысаны (бейнеролик, презентациялар, буклет және т.б.); жоба жетекшісінің аты-жөні.

7.4. Фестивальге қатысушылар жобаны келесі бағыттардың бірі бойынша ұсынады:

1. Сыныптағы жағымды қарым-қатынасты нығайту
2. Киберқауіпсіздік және онлайн-қатерлердің алдын алу
3. Отбасылық құндылықтар
4. Жолдағы және қалалық ортадағы қауіпсіздік
5. Салауатты өмір салты және физикалық белсенділік
6. Интернеттегі қауіпсіздік және цифрлық сауаттылық
7. Шығармашылық, өзін-өзі таныту және мәдени бастамалар
8. Қоршаған ортаға қамқорлық
9. Тәлімгерлік және көшбасшылық дағдыларды дамыту

8. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар

8.1. Бейнероликте келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- жобаның қандай мәселені шешуге бағытталғаны туралы қысқаша сипаттама;
- жобаның мақсаты мен міндеттері;
- жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері (жоба аясында өткізілген іс-шаралар, акциялар, кездесулерден алынған кадрлар);
- жобаның негізгі қол жеткізген нәтижелері мен әлеуметтік әсері;
- қорытындылар мен перспективалар.

8.2. Бейнероликтің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмауы тиіс.

8.3. Бейнеролик келесі техникалық талаптарға сай болуы қажет:

- ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс;
- бейнеролик кез келген қолжетімді құралдармен (видеокамера, фотоаппарат, ұялы телефон) түсірілуі мүмкін, сондай-ақ арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы жасалып немесе өңделуі мүмкін (автордың қалауына қарай);
- бейнероликте дыбыстық сүйемелдеу болуы тиіс: кадр сыртындағы мәтін, музыкалық және шу эффектілері, кадрдағы сөйлеу.
- бейнероликтің форматы: MPEG4, AVI;
- бейнероликтің ең төменгі ажыратымдылығы – 720×480 (12×8 см);
- бейнеролик ақпараттық кіріспемен безендірілуі тиіс, онда автордың (авторлардың) аты-жөні, өңірдің, қаланың, білім беру ұйымының және сыныптың атауы көрсетілуі қажет;
- қатысушының қалауына қарай бейнероликті түсіру және монтаждау барысында арнайы бағдарламалар мен құралдар, фотосуреттер қолданылуы мүмкін.

9. Фестиваль жеңімпаздары мен қатысушыларын марапаттау

9.1. Фестивальдің барлық қатысушыларына Фестивальге қатысушы сертификаты табысталады, номинация жеңімпаздарына – Фестиваль номинациясының жеңімпазы дипломы, Фестиваль жеңімпаздарына – Фестивальдің I, II, III дәрежелі жеңімпаз дипломы беріледі.


9.2. Қатысушыларды марапаттау Фестивальдің салтанатты жабылу рәсімінде жүзеге асырылады.

10. Әлеуметтік жобаларды бағалау критерийлері

10.1. Жобалар қазылар алқасы тарапынан келесі критерийлер бойынша бағаланады:

№	Бағалау критерийлері	Ұпайлар
1.	Мазмұнның Фестивальдің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі	5
2.	Жобаның өзектілігі және әлеуметтік маңыздылығы	5
3.	Идеяның жаңашылдығы және ерекшелігі	5
4.	Шынайылығы және негізділігі	5
5.	Бейнематериалдың сапасы	5
6.	Күтілетін нәтижесі және әлеуметтік әсері	5
7.	Жалпы ұпай:	30 ұпай

Балалардың әл-ауқаты жөніндегі қолданбалы зерттеулер
департаментінің директоры



Иманбекова Б.И.

1-қосымша

Балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын арттыру бойынша
оқушылар жобаларының «Біз біргеміз!» республикалық фестиваліне қатысушының
өтінімі

Білім беру ұйымы	
Жобаның авторларының аты-жөні, оқу сыныбы	
Жобаның атауы	
Жоба шешуге бағытталған мәселе	
Жобаның мақсаты мен міндеттері	
Жобаны іске асыру жоспары	
Күтілетін нәтижелері мен әлеуметтік әсері	